

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Көктүбек селолық округі әкімінің 2016 жылғы 1 шілдедегі "Май ауданы Көктүбек селолық округінің "Ақжар Өндіріс" Агрофирмасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 2 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Май ауданы Көктүбек селолық округі әкімінің 2016 жылғы 29 қарашадағы № 3 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 23 желтоқсанда № 5304 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес және Май ауданының мемлекеттік бас ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2016 жылғы 8 қарашадағы № 2 ұсынысы негізінде, Көктүбек селолық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Май ауданы Көктүбек селолық округінде орналасқан "Ақжар Өндіріс" Агрофирмасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің аумағында жылқы ринопневмониясы ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитарлық іс-шараларды жүргізумен байланысты белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Көктүбек селолық округі әкімінің 2016 жылғы 1 шілдедегі "Май ауданы Көктүбек селолық округінің "Ақжар Өндіріс" Агрофирмасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 2 шешімінің (Павлодар облысы Әділет департаментінің Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 22 шілдеде № 5172 болып тіркелген, аудандық "Шамшырақ" газетінің 2016 жылғы 30 шілдедегі № 32 (8270) санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Көктүбек селолық
округінің әкімі*

Ә. Дүсіпов

КЕЛІСІЛДІ:

*"Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылық
министрлігі ветериналық
бақылау және қадағалау
Комитетінің Май
аудандық аумақтық
инспекциясы" мемлекеттік*

мекемесінің басшысы
2016 жылғы "29" қараша
"Май ауданының
ветеринария бөлімі"
мемлекеттік мекемесі
басшысының міндетін атқарушы
2016 жылғы "29" қараша

Н. Жұмбаев

Е. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК